

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша Сыздыкова Биби Ергазықызының Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Сыздыкова Биби Ергазықызының диссертациялық жұмысы қазіргі қазақ әңгімелерінің мифопоэтикалық сипатты айқындай отырып, мифопоэтиканың теориялық мәселелеріне арналған. Диссертация тақырыбы мен мазмұны ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, сондай-ақ «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасындағы негізгі міндеттерді орындауға бағытталған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Сыздыкова Биби Ергазықызының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында орындалған және ондағы негізгі міндет - білім беру сапасын қамтамасыз етуді көздейді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылымтехникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді және 8D017 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) педагогтарды даярлау («8D01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы) бағыты

			бойынша ұсынылған.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Бұл ғылыми-зерттеу жұмысы мифопоэтикалық танымды қалыптастырумен қатар, қазақ әдебиеттану ғылымында мифопоэтиканың ролі, студенттің мифопоэтика жайлы дүниетанымын қалыптастыруда елеулі үлесін қосады, өйткені жұмыста өзіндік әдіс-тәсілдері, ғылыми пайымдаулары, қағидалары, теориялық тұжырымдар мен әдістемелік ұсынымдары бар. Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны айқындалған және әдістемемен толықтырылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ізденушінің өзі жазу деңгейі өте жоғары. Диссертациядағы ғалымдардың пікірі, болжамы сараланған. Докторант әр тараушада қай пікірдің қисынды екенін бағамдап отырған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация қазіргі әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселесімен тығыз байланысты, өзіндік жаңалығы бар, ұсынылған тұжырымдамалары мен тәжірибелері басқа да ізденістерге жол ашатын өзекті тақырып. Зерттеуші көп ізденген, зерттеу нәтижелері анық, айқын, өзіндік көзқарасы бар жұмыс деп бағалаймын. Зерттеудегі көтерілген өзекті мәселелер тек әдебиеттану ғылымы үшін ғана маңызды емес, еліміздің рухани жаңғыруына да өзіндік үлесін қосады. Сондықтан қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық ізденіс тақырыбының өзектілігі, бүгінгі күн сұранысына қажеттілігі дау туғызбайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды;	Диссертациялық жұмыстың құрылымы, мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі зерттеу барысында жасалған түйін, тұжырымдары диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес. Зерттеушінің теориялық дайындығы, тақырыпты меңгеруі, әдеби-тілдік деректерді жинақтап, сұрыптауы мен талдауы диссертацияның ғылыми деңгейін, теориялық-

			практикалық құндылығын арттырған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді;	Зерттеу жұмысына қатысты қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына нақты сәйкес келеді. Сәйкестік зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ;	Диссертациялық жұмыс мазмұнындағы ішкі тұтастық бірден байқалады. Әрбір бөлім жүйесі бойынша тармақталған. Теориялық мәселенің бәрі де қисынмен дәйектелген. Соның нәтижесінде диссертацияның ішкі бірлігіне, құрылымына нұқсан келмеген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілерінің ғылыми теориялық негіздерін анықтауда, негізгі түсініктерді нақтылауда, әдістемелік жүйесін (мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері мен формалары, құралдары) әзірлеуде, әдістеменің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидалар толығымен жаңа болып табылады. Б.Е.Сыздықованың қорғауға ұсынып отырған ғылыми қағидаларының, қортындылары мен тұжырымдарының сенімділігі күмән тудырмайды. Нәтижелерінің сенімділігі диссертацияның дәйекті түрде қарастырылуымен расталады. Диссертациялық еңбектің ғылыми жаңалығы дау туғызбайды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Сыздыкова Биби Ергазықызының диссертациялық жұмысында келтірілген қорытындылар толығымен жаңа. Жұмыстың ғылыми аппараты мазмұнының айқындығы, қолданылған оқыту әдістемесінің тиімділігі, педагогикалық эксперименттің жүйелілігі, сандық және сапалық көрсеткіштерінің дәлдігі толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының жүргізілуі ғылыми-әдістемелік,

			психологиялық, педагогикалық еңбектерге зерделеу, талдау жасау арқылы негіздеумен, жеке ойын теориялық тұрғыда тұжырымдай білуімен және қорытынды жасауымен сипатталады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторанттың диссертациялық жұмысындағы қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтикалық ғылыми тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Зерттеу жұмысы барысында алынған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері, дайындалған әдістемені оқу процесіне ендіру актілерімен, ғылыми жарияланымдармен негізделеді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<u>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</u>	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Өйткені, зерттеу жұмысының теориялық тұжырымдамалары және практикалық нәтижелері 13 ғылыми еңбектерде жарық көрген. Соның ішінде Scopus деректер қорына енетін жарияланымда – 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 5 мақала, шетелдегі халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында - 3 мақала жарық көрген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	Сыздықова Биби Ергазықызының диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар дәлелденген. Докторанттың зерттеу нәтижелері Әдебиеттану, тіл білімі секілді ғылымдардың дамуына үлкен үлес қосады. - қазақ әдебиетіндегі авторлық неомифтің қалыптасу жолдарын ғылыми сараланған. - қазіргі қазақ әңгімелеріндегі кеңістік-уақыт континуумы ерекшеліктерін мифопоэтикалық аспект ретінде талданған; - Көркем шығарманы талдаудағы мифтің

		орны мен қызметі поэтикалық тұрғыда ұтымды талданған.
	7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) <u>жоқ</u>	Тривиалды емес
	7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Иә
	7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>	Диссертациялық жұмыста келтірілген ғылыми-теориялық тұжырымдар, талдаулар мен зерттеулер кейінгі ғылыми жұмыстарды, жобаларды жоспарлауда және ЖОО білім алушылар көркем шығарманы образдық-мифологиялық талдауда көмекші құрал ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифологиялық образдардың жасалуы, образ жасаудағы архетип пен мифологемалардың ролі, кеңістік пен мифтік уақыт континуумы төңірегінде жасалған болжамдар әдебиеттану ғылымында ғана емес, әдебиетпен мифология арқылы үнемі тығыз байланыста болатын психология, философия, мәдениеттану, тілтану, жаратылыстану ғылымдарындағы әлі де ашылмай жатқан құпия жақтарына сілтеме жасай отырып, жаңа тақырыптардың, идеялардың тууына ықпал етеді.
	7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияда ұсынылған тұжырымдамалар келесі мақалаларда дәлелденген: Scopus базасында: 1) Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Bakhtiniana, Rev. Estud. Discurso 18 (04) 2023 https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680 ҚР ҒЖБМ БҒСҚК базасында:

			<p>1) Қазіргі қазақ прозасындағы мифтің поэтикалық қызметі // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. - №4(96)/2019. - Б. 48-53.</p> <p>2) Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі «періге ғашық болу» мотиві // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. - №2 (106)/2022. – Б. 117-124</p> <p>3) National literature of the post-socialist realism era // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. - №1 (109)/2023. – Б. 123-131</p> <p>4) The concept of archetype in literature and Jungs theories // Астана қаласы. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. Филология сериясы. - №3 /2023. – Б. 172-183</p> <p>5) Қазақ әдебиетіндегі ағаш культі // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. - №4 (112)/2023. – Б. 151-159</p> <p>Халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, шетелдік басылымдарда жарияланған мақалалар тізімі:</p> <p>1) Литературные связи в формировании казахской прозы // Актуальные научные исследования в современном мире: Сборник научных трудов. Выпуск 5(61). Часть 8 – Украина. Переяслав-Хмельницкий, 2020. - Б. 132-138.</p> <p>2) Ғаламның тілдік бейнесіндегі «бәйтерек» концепті // Актуальные научные исследования в современном мире: Сборник научных трудов. Выпуск 5(61). Часть 8 – Украина. Переяслав-Хмельницкий, 2020. - Б. 163-167</p> <p>Study typology of the plot (Based on mythical legends) // Актуальные научные исследования в современном мире: Сборник научных трудов. Выпуск 8(76). Часть 1 – Украина. Переяслав-Хмельницкий, 2021. - Б. 21-26</p>
--	--	--	--

8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	<p>Докторант Сыздыкова Биби Ергазықызының диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық ақпарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген.</p> <p>Докторант диссертациялық жұмыста зерттеу мәселесіне қатысты таным және оның философиялық қағидаларын, оқу процесін ұйымдастырудағы тұлғаға бағытталған теориясын, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық, дидактикалық және психологиялық қолжетімділік, эквиваленттік және тәжірибелік маңыздылық ұстанымдарын, мифопоэтикалық аспектілерді оқытып-үйрету мәселелері бойынша белгілі ғалым-педагогтардың, әдіскерлердің жұмыстарын басшылыққа алады. Көркем шығармаларды оқыту, талдау әдістеріне негізделген. Аталған тарауда біріншіден, автордың шығармашылық зертханасына үңіліп, олардың мифтік образдар мен сюжеттерді, архетиптер мен мифологемаларды және т.б. мифтік элементтерді қолдану арқылы образ жасаудағы постмодерндік тәсілдері анықталып, талданған. Докторант жұмысты жазу барысында тәжірибелік тұрғыда көркем шығарманы мифопоэтикалық талдаудың өзіндік әдістерін ұсынады. Бұл көркем шығарманы оқытуда жаңа ізденістерге жетелейтіні сөзсіз.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	<p>Докторант зерттеу жұмысының нәтижелерін келесідей қазіргі заманғы зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу, интерпретациялау әдістемелерін пайдаланып алған:</p> <p>- зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-теориялық мәселелерге, философиялық, психологиялық, педагогикалық, экономикалық, оқу-әдістемелік әдебиеттерге, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына негізделген.</p>

			<p>- зерттеу мәселесіне қатысты шетелдік жұмыстарға талдау жасау арқылы әдістемелік зерттеудің теориялық негізін айқындау мен практикалық маңыздылығын зерделеу, қаржылық-экономикалық білім беру тәжірибелерін салыстырмалы талдау;</p> <p>- зерттеудің болжамын тексеру үшін педагогикалық эксперимент жүргізу және олардың нәтижелерін өңдеу;</p> <p>- зерттеудің нәтижелерін әдістемелік семинарларда, ғылыми-практикалық конференцияларда талқылау</p>
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Докторанттың диссертациясында келтірілген теориялық қорытындылар, әдістемелік жүйе, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік сабақтардың жүргізілуімен дәлелденген және расталған. Және оның нәтижесі ретінде 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған «Қазақ әдебиетіндегі мифологизм» пәнін енгізуі дәлел болады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	ЖОО студенттерінің мифопоэтикалық түсінігін қалыптастыру мазмұны мен әдістемесін жетілдіру бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасалынуымен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеу тақырыбы бойынша шетелдік, алыс және жақын, отандық ғалымдардың еңбектеріне, диссертациялық жұмыстары мен ғылыми-әдістемелік мақалаларына жан-жақты талдаулар жүргізілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 173 библиографиялық сипаттамадан тұрады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеудің теориялық маңыздылығы ЖОО студенттеріне мифопоэтиканы оқыту

			<p>процесінде өзіндік пікірлерін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі (мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері, формалары мен құралдары) жасалынуынан тұрады.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. 6B01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына енгізілген «Қазақ әдебиетіндегі мифологизм» пәні мен «XX ғасырдың екінші жартысындағы және қазіргі қазақ әдебиеті» пәнінің тақырыптық жоспарына енгізілген «Көркем шығармашылықтағы мифопоэтикалық аспект», «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі неомифологизм» тақырыптары бойынша дәріс сабағын жоспарлаған.</p>
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұнындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді орнымен қолданған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p>

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

Сыздыкова Биби Ергазықызы «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілері» тақырыбындағы диссертациясы үшін 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп санаймын және Комитетке Сыздыкова Биби Ергазықызына философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD), доцент



А.Е. Алимбаев

ҚОЛЫН КҮӘЛАНДЫРАМЫН
«А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ» ЖБМ-І
2024 ж. «20» 05
Қолы 

